

Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның

8D02301-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Академиялық жазылым қазіргі заманғы университеттің азаматтық ұстанымы бар тәуелсіз ойлаушы ғалымды тәрбиелеуді көздейтін үш миссиясымен байланысты, олар: ғылыми-зерттеу, білім беру және қоғамдық-саяси. Академиялық жазылым пікірталас, серіктестік орнаған ортада іске асуы керек, сондықтан академиялық жазылым әлеуметтік тәжірибе деп түсініледі және оның ғылыми-теориялық негізі әлеуметтік конструктивизм, академиялық дискурс және сауаттылық саласындағы зерттеулер болып табылады.

Бүгінгі таңда ғылыми коммуникация жаһандық сипатқа ие болды, сондықтан зерттеуші өз еңбектерін әлемдік ғылыми қоғамдастық мүшелерінің назарына ұсынып, өз зерттеу бағытын дамыту үшін, ғылыми дерекқорлардағы еңбектермен таныс болуы және өз зерттеулерінің нәтижелерін халықаралық ғылыми басылымдарда жариялауы керек. Ол үшін халықаралық жарияланым конвенцияларын меңгеруі тиіс, демек академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыру осы мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Академиялық жазылым – бұл ең күрделі және баяу дамиды кұзыреттілік кешені, сондықтан риторика мен композицияның әр бөлімі тиісті кұзыреттерді тиімді дамытуға мүмкіндік беретін ғылыми педагогикалық тәсілдерді қолдануды қарастырады. «Академиялық жазылым» пәнін оқытуда бірден белсенді кұзыреттердің үш кешені дамиды, олар: металингвистикалық кұзыреттер, коммуникативті әдістер, дискурсивті негіз. Өз идеялары мен гипотезаларын ұсыну және негіздеу әдістері, мәтінді кұру, қажетті ақпаратты іздеу және іріктеу металингвистикалық кұзыреттер болып табылса, мәтінді әріптестерімен дәлелдеу және талқылау коммуникативті әдістерге жатады және нәтижелерді сенімді, логикалық реттелген мәтін түрінде ұсыну – дискурсивті негізде дамиды.

Академиялық жазылым арқылы білім алушылар өз ойларын біртіндеп шынайы ғылыми тілмен, жүйелі білдіруді үйреніп, сыни ойлау және аргументация жасау дағдылары қалыптасады. Академиялық жазылым білім алушыны мәтіннің кұрылымын логикалық тұрғыдан жүйелі кұрудан бастап, ғылыми мәтінді сауатты кұрастырып, мәтінмен мұқият жұмыс істеуге ынталандырып, зерттеушінің қалыптасуына атсалысады.

Білім беру сатысының бакалавриат деңгейінде оқитындарға арналған «Тіл және сөз мәдениеті», «Стилистика», «Шешендік өнер», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Орфография және пунктуация негіздері», «Сөзтану ғылымының көкейкесті мәселелері», «Қазіргі қазақ әдеби тілінің

өміршеңдігі» пәндері «Академиялық жазылым» курсының алғышарттары бола алады. Аталған пәндердің түпкі мақсаттары білімгерлердің дұрыс жазу машығын қалыптастыруға бағытталғанымен, белгілі бір дәрежеде «Академиялық жазылым» пәнінде қалыптасатын құзіреттіліктерді толық бере алмайды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Академиялық жазылымның басты мақсатының бірі – білім алушының ғылыми ойлай алуы мен ғылыми жаза алуына баулу. Ғылыми мақала жазу, жоба ұсыну, тіпті аргументативті эссе жазу да оңай емес, ол – жазуға дейінгі ойлау элементтерін қосатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Оны санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлға ғана іске асыра алады. Білімгерлердің болашақ маман екендігін ескерсек, осы міндетті университетте оқып жүріп игеру немесе игерту үшін қадам жасау болашақ маман үшін де, ғылыми қызметкер үшін де пайдалы болмақ.

Қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастық академиялық дискурсқа ерекше мән беруде. Шындығында, интернеттегі материалдар адамның білімін толықтыру, жетілдіру, дамыту үшін қажет болатын. Ал енді ол материалдарды көшіріп алып, өз мақсатына жаратар болса, одан білім алушының біліктілігі де артпайды, білімі де толықпайды. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ғаламтор материалдарын пайдаланушыларға, білімдерін толықтырушыларға академиялық жазуды үйрету қажеттілігі туындауда. Яғни, алынған білімді өздігінше қорытып, ойын жүйелеп: кіріспесін, негізгі бөлімдерін айқындап, анықтап, дәлелдемелерін келтіріп, қорытындылап, өз ойымен әдіптеп жазудың теориясы мен практикасын таныстыру қажет. Демек, академиялық жазудың дәл қазіргі кездегі білім алушыларға, ізденушілерге пайдасы мен маңызы ерекше деп санаймыз.

Ғылыми білімді қалыптастыру ауызша және жазбаша мәтіндік қызмет негізінде жүзеге асырылады, ғылыми ортада ғылыми зерттеулердің нәтижелері жарияланады, ал білім беруде білім алушыларға теориялық және тәжірибелік білім беруде, студенттердің ғылыми жұмыстарын жазуында біліктілік қалыптастыруда қолданылады. Ақпараттық қоғамға көшу кезінде ғылыми жарияланымдардың көлемі күрт өсті, интернет көздерінен дайын материалдар жүктеліп алынып, мақала түрінде жарияланып, білім алушылар сабақ тапсырмаларын, өздік жұмыстарын дайын күйінде тапсырып, академиялық адалдық сақталмайтын жағдайға жеткен. Академиялық адалдықты сақтау үшін тиісті цифрлық технологияларды меңгерту қажеттілігі туындайды.

XXI ғасырда ғылымдағы коммуникация нысандары мен әдістеріне де, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың сипаты мен мазмұнына да өзгерістер енуде. Мектеп оқушысынан бастап ғылыми қызметкерлерге дейін халықаралық басылымдарда мақала жариялауға деген ұмтылысының күрт өсуі академиялық жазылымды қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп берді.

Академиялық жазылым мәселелері әлемде XX ғасырда қолға алынса, біздің елімізде 2020-2021 оқу жылынан бастап барлық жоғары оқу

орындарының докторантура деңгейіне осы аттас пәннің міндетті компонент ретінде енгізілуі аталған мәселенің қаншалықты өзектілігін дәлелдеп қана қоймайды, осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындап, оны жетілдірудің, модельдеу арқылы игертудің ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу нысаны. Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы

Зерттеу пәні. Академиялық жазылым

Зерттеудің мақсаты. Академиялық жазылым түрлерін жіктеу және академиялық жазылымның ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау негізінде модельдеу.

Зерттеу жұмысына қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- академиялық жазылымның әлемдік және отандық ғылымда қалыптасып, дамуын, зерттелуін саралау;

- ғылыми коммуникациядағы академиялық жазылым жанрларын жазу және жариялау ережелеріне шолу жасау;

- академиялық жазылымды құру мәдениеті мен этикасы, плагиат мәселелерінің туындау себептерін айқындау;

- академиялық мәтін жанрларының түрлерін талдау және топтастыру;

- академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеудің жолдарын көрсету;

- эссе жанрын практикалық саралау және модельдеу;

- академиялық жазылым түрлері бойынша студенттердің меңгеруі тиіс дағдыларын анықтап, жазба жұмысты бағалаудың өлшемшарттарын ұсыну.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер:

- академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориясын зерделеу үшін эмпирикалық әдістер қолданылды;

- академиялық жазылымның қалыптасып, дамуын зерттеу барысында анализ, синтез, индуктивті және дедуктивті әдістер қолданылды;

- ЖОО-да жазба жұмыстың орындалуын бағалау барысында сандық және сапалық зерттеу әдістері жартылай құрымдалған интервью және сауалнама қолданылды;

- жинақталған ақпаратты талдау Excel және AtlasTI бағдарламасын қолдану арқылы жасалды;

- кестелік талдау әдісі деректерді тексеру және алдын ала бағалау, маңызды мәселелерді сұрыптау және одан әрі қарай егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында маңызды ақпаратты айқындау үшін пайдаланылды;

-білім алушылардың эссе жазу дағдыларын саралау барысында тақырыптық талдау әдісі қолданды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- академиялық жазылымның әлемдік және отандық ғылымда қалыптасуы, дамуы, зерттелуі сараланды;

- ғылыми коммуникациядағы академиялық жазылым жанрларын жазу және жариялау ережелеріне алғаш рет шолу жасалды;
- академиялық жазылымды құру мәдениеті мен этикасына талдау жасалып, плагиат мәселелерінің туындау себептері айқындалды;
- академиялық мәтін жанрлары топтастырылып, талдау жасалды;
- академиялық жазылым түрлері мен тектерінің жіктелуі бойынша модельдер ұсынылды;
- эссе жанры практикалық тұрғыдан сараланды және моделі жасалды;
- академиялық жазылым түрлері бойынша студенттердің меңгеруі тиіс дағдылары анықталып, жазба жұмысты бағалаудың өлшемшарттары ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар мен ізденушінің қосқан жеке үлесі:

- академиялық жазылымның әлемдік және отандық ғылымда өзіндік орны бар, әр дәуірдің академиялық ойлауы негізінде белгілі бір дәрежеде қалыптасып, дамығандығы көрсетілді, соған сәйкес академиялық жазылым классикалық риторикадан басталады деп танылады;
- академиялық жазылымның жүйелі құрылуы мен ресімделуінде ғылыми коммуникациядағы риторикалық және жарияланымдық ережелердің маңызы ерекше.
- плагиат мәселесі академиялық жазылым ережелерінің лайықты әрекет етпеуінен, зерттеуші тарапынан ғылыми этика талаптарының сақталмауынан орын алады;
- академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеу – академиялық жазылымды игерудің алғышарты;
- эссе жанры – мектептен бастап жазылатын, кеңінен қолданылатын жанр ретінде практикалық тұрғыдан сараланып, моделінің жасалуы - бүгінгі білім берудегі стратегиялық мәселелерді шешеді.
- академиялық жазылым дағдыларын меңгертудің практикалық деңгейі зерттеліп, сараланды, жазылым дағдыларын қалыптастыратын бағыттар ұсынылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертацияның дереккөздері ретінде «академиялық жазылым» мәселесіне қатысты отандық, шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектері басшылыққа алына отырып қарастырылады. Атап айтқанда қазақ тілінің стильдік тармақталуын зерделеп, ғылыми стильдің академиялық жазылымға әсерін айқындауда А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, А. Аманжолов, К. Аханов, Т. Сайрамбаев, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, Ф. Оразбаева, Қ. Күдерина, Б. Қапасова және басқа да отандық зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Қазақстанда академиялық жазылымның дискурсын зерделеу барысында С.Қ. Әлісжан, Е.Оспанов, Б.Б. Динаева, С.М.Сапина, А.А. Баяхметова, М.Ж. Дусенбина, Ф.К. Исеновалардың еңбектері, сондай-ақ академиялық мәтіндер түрлерін саралау барысында Ж.Қ. Смағұлов, С.У. Такиров, Ж.А. Рүстемова, Д.А. Есенғалиев, Е. Көбеген, С.К. Кабылқанов, А.Г. Бурумбаев, З. Ахметов,

Т. Шаңбаев, М.С. Жолшаева, А.Қ. Тұрысбек және басқалардың еңбектері негізге алынды.

Академиялық жазылымның жақын шетелдік авторлардың еңбектеріндегі көрініс табуын анықтау мақсатында И.Б. Короткина, М.Б.Квициния, И.В. Третьякова, Л.А. Милованова, В.В. Радаев, А.Ф. Ануфриев, М. Ф. Шкляр және басқалардың еңбектері, алыс шет елдің авторларынан негізінен Street B, Green B., Beavis C, K.Hyland., N.Sommers, M.R.Lee, L.Ryan, R. Barrass, R. Tetzner және тағы басқа осы салада зерттеу жүргізген көптеген ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:

Академиялық жазылымның еліміздегі қалыптасуына, даму негіздеріне, теориясына үлес қосады. Қазақ ғылымындағы академиялық жазылымның қалыптасу тарихы, дамуы, зерттелуі, сондай-ақ ғылыми коммуникациядағы конвенциялардың жаңаша сипат алуы, жарияланымдарды жаңаша рәсімдеу, академиялық жазылым жанрларының құрылымдары, жаңадан модельдеу, модельдеудің жолдарының теориясын толықтырады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер орта мектептерде, ЖОО-дағы үш деңгейлі (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру жүйесінде академиялық жазылымды оқытудың әдіс-тәсілдері мен бағыттарын анықтауда, жазбаша коммуникацияға түсетін студенттерді жаңа интеграциялық ортада қарым-қатынас жасауға үйретуде, оқытудың кешенді бағдарламаларын, оқу құралдарын жазуда, ресми құжаттар мен басқа да ғылыми стиль түрлерінде дайындалатын мәтіндерде кеңінен қолданады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы:

Зерттеудің негізгі тұжырымдары, қорытындылары мен нәтижелері бойынша 10 мақала жарияланған. Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, 1 мақала халықаралық шетелдік журналда, 5 мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрді.

1. Ағылшын тілінде жазуды үйретудегі инновациялық әдістер http://www.xlinguae.eu/2023_16_2_19.html // Xlinguae, European Scientific Language Journal, 2023 -Vol. 16. – Issue 2. –P. 250-262.;

2. Академиялық эссе жазудың негізгі мәселелері <http://rmebrk.kz/magazines/journal/show/7335> // Абылай хан атындағы ҚазХКЖӘТУ Хабаршысы, филология сериясы, – Алматы, 2022. №2 (65). – 250-263 бб.;

3. Академиялық жазылымның зерттелу деңгейі және электронды контент жасаудың өзекті мәселелері <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3830/2830> // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы, 2022 ж. №1 (185). – 136-146 бб.;

4. Академиялық жазылымның электронды контентін даярлауға арналған тілдік модельдер <http://rmebrk.kz/magazines/journal/show/7112> // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы, Филология сериясы, – Алматы, 2022. №1 (64). – 277-289бб.;

5. Қазақ студенттерінің академиялық жазу дағдыларын дамыту тәсілдері <https://drive.google.com/drive/shared-with-me> // Еге университеті Түрік әлемі зерттеу институтының 30 жылдығына байланысты өткен «Uluslararası Türk Dünyası Sosyal Bilimler Sempozyumu» тақырыбындағы конференция. Измир, Туркия, 2022 ж., №2, 348-351 бб.;

6. Approaches to writing and submitting a scientific article <https://drive.google.com/file/d/1IwfPcoDGNDv7PnDK4Y2LU7IcTF-VgGAy/view>) // «Көптілді білім беру мен зерттеулердегі инновациялық лингвистикалық тәсілдер мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. ҚазҰҚПУ, 2023 ж., 23-24 ақпан, 26-30бб.;

7. Модельдеу және модельдік лингвистиканың проблемалары <https://cloud.mail.ru/public/gpKs/ALZCwmECN> // Есеналиева Жанар Жорабекқызының 60 жылдық мерейтойына арналған “Тіл және мәдениетаралық коммуникация” атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдары, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2021 ж. 26 наурыз - 52-55 бб.;

8. Competence - active model in enquiring the skills of academic writing <https://cloud.mail.ru/public/Ay5Y/VWANG5gXe>) // Ресей және Қазақстанның Халықаралық Жоғары Мектеп Ғылым Академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ахметов Әділ Құрманжанұлының 80 жылдық мерейтойына арналған “Адамзаттық өркениет: білім, ғылым, ақыл-ой интеграциясы” халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференция, Алматы: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2021 ж. 10 мамыр – 140-145 бб.

9. Академиялық жазылым негіздері <https://cloud.mail.ru/public/Ay5Y/VWANG5gXe>) // «Жастар және ғылым: бүгінгі мен болашағы: III халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. – Алматы: ҚазҰҚПУ, 2023 ж. 14 сәуір – 262-266 бб.

10. Possibilities of using the opportunities of Internet resources to ensure the interactivity of learning process <https://cloud.mail.ru/public/Ay5Y/VWANG5gXe>) // Нижневартовск мемлекеттік университетінің Хабаршысы, Нижневартовск , 2021. № 6(2).-97-104 бб.

Жарияланымдар диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасында талқыланып, сараптамадан өтті және қорғауға ұсынылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы, өзектілігі, теориялық-әдіснамалық негіздері мен зерттелу деңгейі, пәні, нысаны, мақсаты мен міндеттері, жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары, зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы, теориялық және практикалық маңыздылығы, зерттеу жұмысының құрылымын қамтиды.

Бірінші бөлімде ұлттық ғылымдағы академиялық жазылым тарихы қалыптасуы, дамуы, зерттелуі арқылы көрсетілді, сондай-ақ ғылыми коммуникациядағы жарияланымдық конвенциялардың маңызы сипатталады. Академиялық жарияланымдардың құрылымы мен мазмұны, мағынасы қарастырылған. Академиялық жазылым авторларының ғылыми этикасы мен адалдығы қарастырылған. Ғылыми зерттеуді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу кезінде ғылыми этика талаптарының сақталу деңгейі жазылған.

Екінші бөлімде академиялық жазылым жанрлары, олардың құрылымдары, жаңадан модельдеу, модельдеудің жолдары, тәжірибесі, теориясы толықтырылады. Білім алушылардың академиялық жазылым деңгейі зерттелді, сараланды, нәтиже негізінде модельдеу басты критерий ретінде алынды. Эссе жазу деңгейлері сараланды және сол арқылы модельдеу ұсынылды.

Қорытынды зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелерінің жалпы түйінін қамтиды.

Қосымшада тілдік модельдер, академиялық мәтін түрлерінің жазылу үлгілері, эксперимент нәтижелерінің кестелері ұсынылған, электронды нұсқада академиялық терминдер сөздігі берілген.

Ғылыми жетекшілер:
«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
Профессор м.а., ф.ғ.к.

Г.Қ.Абдирасилова

Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, профессор, ф.ғ.к.

С.А. Оданова

